



## № 3 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ


### Қазақстан Республикасының 2017 жылғы төлем балансын алдын ала бағалау туралы

2017 жылғы 2 ақпан

Алматы қ.


Алдын ала бағалау бойынша 2017 жылы **ағымдағы шот** тапшылығы 2016 жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда шамамен екі есеге қысқарып, 4,7 млрд. АҚШ долларын құрады. 2017 жылғы төртінші тоқсанда ағымдағы шот іс жүзінде теңдестірілді – аз ғана тапшылық 80,9 млн. АҚШ долларын құрады. Негізгі экспорт тауарлар бағаларының қалпына келуі және бағам белгілеудің барабар саясаты 2015-2017 жылдар бойы байқалған ағымдағы шоттағы айтарлықтай тапшылықтың тоқсан сайынғы көрсеткіштерінен алшақтауына алғаш рет мүмкіндік берді.

#### Ағымдағы шоттың серпіні



Ағымдағы шот жағдайының алдыңғы жылмен салыстырғанда жақсаруына **сауда балансындағы** оң сальдоның 17,5 млрд. АҚШ долларына дейін (2016 жылы 9,2 млрд. АҚШ доллары) екі есе өсуі себеп болды. Бұл ретте 2017 жылғы 4-тоқсанда сауда балансы 5,5 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл соңғы үш жылдағы тоқсандық көрсеткіштің ең жоғары мәні болып табылды.

#### Сауда балансының серпіні



Тауарлар **экспорты** бір жылда 32,2%-ға немесе 12,0 млрд. АҚШ долларына ұлғайып, 49,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Мұнай және газ конденсатының экспорты бағалардың, сол сияқты нақты жеткізу көлемінің өсуі, оның ішінде «Қашаған» кен орнында өндірудің басталуына байланысты өсуі есебінен 37,8%-ға өсті. Қара және түсті металдар экспорты тиісінше 51,6%-ға және 27,1%-ға өсті.

Тауарлар **импорты** бір жылда 13,1%-ға ұлғайып, 31,8 млрд. АҚШ доллары болды, бұл ретте, өткен жылдың екінші жартысында импорттың өсу қарқынының баяулауы байқалады.

Экспорттық кірістердің өсуі шетелдік тікелей инвесторлар **кірістерінің** 2017 жылы 15,7 млрд. АҚШ долларына дейін 36,3%-ға өсуіне ықпал етті, бұл кірістердің үштен көп бөлігі қазақстандық еншілес кәсіпорындарды қаржыландыруға бағытталды.

**Қаржы шоты** бойынша капиталдың таза әкелінуі (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) 2017 жылға алдын ала бағалау бойынша 5,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Сонымен қатар, 4-тоқсанда резиденттердің шетелдік активтерінің ұлғаюы және резиденттердің өз борыштық міндеттемелерін өтеуі нәтижесінде қаржы шоты операциялары бойынша 1,2 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде таза әкетілу тіркелді.

**Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ)** бойынша капиталдың таза әкелінуі 2016 жылғы 13,5 млрд. АҚШ долларынан қысқарып, 3,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Қазақстандық кәсіпорындардың үлестес бейрезиденттер алдындағы фирмааралық берешекті көбінесе 2017 жылдың екінші жартысында өтеуі ШТИ-дің таза әкелінуінің қысқаруына ықпал етті.

**Портфельдік инвестициялар** бойынша капиталдың таза әкелінуі 5,5 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл резиденттердің шетелдік бағалы қағаздарды сатуы, сондай-ақ капиталдың халықаралық нарықтарында Қазақстан кәсіпорындары мен банктері еурооблигацияларды шығаруы есебінен орын алды. Сонымен қоса, 2017 жылғы 4-тоқсанда ҚР Ұлттық қорының шетелдік активтері өсті.

**Резервтік активтер** (ҚР Ұлттық қорының активтерін есептемегенде) 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 30,7 млрд. АҚШ долларына (2017 жылдың басында 29,5 млрд. АҚШ долл.) бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортын 8,7 ай қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

<http://www.nationalbank.kz>